

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 21 ақпан
сағ. 15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі Ә.Ж.Жамауов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

1. ҚР Энергетика министрлігінің Қазақстан Республикасында табиғи газды өндіру-тұтыну жөніндегі ұзақ мерзімді болжамдары туралы

(Ә. Жамауов)

1.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың ҚР Энергетика министрлігінің Қазақстан Республикасында табиғи газды өндіру-тұтыну жөніндегі ұзақ мерзімді болжамдары туралы ақпараты назарға алынсын.

2. ҚР Энергетика министрлігінің Қазақстан Республикасында табиғи газды мотор отыны ретінде алдағы кезеңде кеңінен пайдалану жөніндегі жоспары туралы

(Ә. Жамауов)

2.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың ҚР Энергетика министрлігінің Қазақстан Республикасында табиғи газды мотор отыны ретінде алдағы кезеңде кеңінен пайдалану жөніндегі жоспары туралы (жаңа бағдарламалардың мәртебесі) ақпараты назарға алынсын.

2.2. Газ өнеркәсібі департаменті:

- «Атамекен» ҰП, «Қазақстан газ-моторлы отын өндірушілері мен тұтынушылары» ЗТБ бірлесіп, мына мәселелерді қарастырсын:

1) 2024 жылдан 2030 жылды қоса алғанда, жылдар бойынша газ-мотор отынын өндіру үшін табиғи газдың кепіл берілген көлемін әзірлеу және келісу;

2) Кешенді жоспарсыз бірінші кезеңінде «QazagGaz» ҰК АҚ ұсынған 2027 жылға дейін табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі жоспарды көздесін;

3) Кешенді бағдарламаға ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 797 қаулысымен бекітілген Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде басталған және аяқталмаған АГТКС салу және автобус парктерін жаңарту жобаларын енгізісін;

4) көлік салығын төмендету, ақылы жолдар мен қорық аймақтары және табиғи газбен (КПГ, СПГ) жұмыс істейтін көлікке кедендік бажды төмендету жөніндегі минималды мемлекеттік қолсау шараларын қабылдау қажеттілігіне назар аударсын.

3. Қазақстан кен орындарында табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату, озық технологияларды енгізу мәселелері туралы

(Ә. Жамауов)

3.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың Қазақстан кен орындарында табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату, озық технологияларды енгізу, ҚР Энергетика министрлігінің мұнай-химия шикізатын және ұқсас отын көздерін алу мақсатында осындай технологияларды дамыту мен енгізудегі рөлі туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Газ өнеркәсібі департаменті:

- жетекшілік ететін энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовпен келісе отырып, жақын уақытта ҚК мүшелерінің, Министрліктің тиісті Департаменттерінің, «ҚазМұнайГаз» және «ҚазақГаз» ҰК өкілдерінің қатысуымен мұнай-химия шикізатын және баламалы отын көздерін алу мақсатында Қазақстан кен орындарында табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату, озық технологияларды енгізу мәселелерін талқылау бойынша жұмыс кеңесін өткізсін;

3.3. Жер қойнауын пайдалану департаменті:

- озық технологиялар бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды (ТӨС) жүргізу жөнінде жәрдем көрсетсін және ТӨС жүргізу үшін ҒЗТҚЖ қаржыландыру құрылымын ерекше бақылауға алсын.

4. Сұйытылған мұнай газы тапшылығын болдырмау жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы

(Ә. Жамауов)

4.1. Энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауовтың сұйытылған мұнай газы тапшылығын болдырмау жөнінде қабылданып жатқан шаралар – сұйытылған мұнай газын электрондық бөлуді енгізу, сұйытылған мұнай газы өндірісін ұлғайту бойынша өндірушілерді ынталандыру, жаңа газ өңдеу қуаттарын салу, әділ баға белгілеуді енгізу туралы ақпараты назарға алынсын.

Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Қоғамдық
кеңестің хатшысы

8. Апрель.


Б. Әуетаев

Н. Секербеков